

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

**«ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҢ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДІҢ
ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**
*атты Қазақстан Республикасының ғылымның қызметкері күніне арналған
жоғары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы магистранттар мен
студенттердің ғылыми конференциясының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

12 сәуір 2013 жыл

VI Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

*Ежегодной Межвузовской научной конференции
магистрантов и студентов, посвященной Дню научного работника
Республики Казахстан*

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ УГОЛОВНОГО ПРАВА,
УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И КРИМИНАЛИСТИКИ»**

12 апреля 2013 года

VI Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодной межвузовской научной конференции и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

А__ Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики: материалы ежегодной межвуз. науч. конф. магистрантов и студ., посвященной Дню научного работника Республики Казахстан. 12 апреля 2013 г. – Алматы: Казак университеті, 2013. - 250 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников ежегодной межвузовской научной конференции «Актуальные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и кафедрой уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы уголовного права, уголовного процесса и криминалистики, проблемы гуманизации уголовной политики и другие.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами научного решения актуальных проблем уголовно-правовых дисциплин.

**УДК
ББК**

**Қуатбекқызы Г.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 3 курс студенті**

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІ ДӘЛЕЛДЕУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Тергеу үстінде жасалған қылмыстың мән-жайларын, істегі кейбір дәлелдемелердің объективтігін тексеру үшін әр түрлі тәжірибелер жүргізуге тура келеді. Тәжірибе — ақиқат өлшемі және дүние танымның қайнар көзі. Сондықтан тергеу мезгілінде жиналған дәлелдемелердің, және кейбір іске керекті айғақтарың ақиқаттығын, шындығын тек сынақ тәжірибелер жүргізу арқылы білуге болады. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізу заңында осы айтылған жағдайларды тексеру үшін арнайы тергеу экспериментін жүргізу көрсетілген [1].

Тергеу эксперименті дегеніміз, ол қылмыстық оқиғаның кейбір мән-жайларын осы оқиғаға ұқсас және сәйкес жағдайда әр түрлі сынақ, тәжірибелер жүргізу арқылы осы жағдайдың, құбылыстың болу мүмкіндігін тексеру үшін жүргізілетін тергеу әрекеті.

Бұдан туындайтын негізгі қағидалар: біріншіден, басқа тергеу әрекеттерін жүргізу үстінде алынған, іске қатынасы бар деректердің, мәселелердің шындығын тексеру үшін жүргізіледі. Екіншіден, мұндай тексеру, осы тексерілетін құбылыс (әрекет) қылмыстық оқиға болғанда қандай жағдайда өтсе, соған сәйкес, не ұқсас жағдайда арнайы сынақ, тәжірибелерін жүргізу арқылы өткізіледі. Жүргізілетін сынақ тәжірибелердің қорытындысының объективтігі, оның сол тексерілетін оқиға болған жағдайға сәйкес жағдайда өткізілуімен тікелей байланысты. Әрине, тәжірибе жүргізілгенде тура болған жағдайдың өзін, тексерілетін іс-әрекетті бұлжытпай қайталауға болмайды, себебі ондай жағдайда жаңа қылмыс жасалған болар еді. Сонымен қатар, тәжірибе арқылы болған оқиға толық қайталанбайды, тек оның кейбір негізгі бөлігі, көріністері ғана сынақ тәжірибе жүргізу арқылы қайталанатын.

Тергеу эксперименті - іс жүргізу кезінде пайдаланылатын танымдық әдісті қолданудың айрықша бір нысаны. Бұл әдіс әр түрлі тергеу әрекеттері үстінде қолданылады. Оның басқа әдістерден айырмашылығы тергеуші өзінің назарын аударған жайттарды сырттай бақылап қана қоймайды, сонымен бірге оны бірнеше қайтара бастапқы калпына келтіру арқылы өз болжауын нықтай түседі. Тәжірибе жүргізу барысында арнайы шектеу шарттары қойылады: тәжірибе адамның денсаулығына нұқсан келтірмеуі, оның өміріне қатер төндірмеуі тиіс.

Эксперимент арқылы іс бойынша жинақталған кейбір дәлелдемелердің, мәліметтердің шындығы ғана анықталып қоймайды, сонымен қатар жаңа

деректер де алынады. Тергеу экспериментін жүргізудің нәтижесінде көбінесе жәбірленушінің, куәлардың, айыпкердің жауаптарында, сондай-ақ басқа да қосымша айғақтарда келтірілген мәліметтердің шындығы, оның болу мүмкіндіктері тексеріліп, анықталады. Тергеуші осындай жолмен өзінің кейбір болжауларына көз жеткізеді. Яғни, оқиғаның қалай болғаны, оның мән-жайы, орындалу тетігі тәжірибе өткізу жолымен тексеріледі [2].

Тергеу эксперименті - өз алдына дербес, өзіне тән міндеттері бар іс жүргізу әрекеті. Сонымен бірге ол тергеудің басқа да әрекеттерімен тығыз байланысты, міндеттері жағынан өзара ұштасып жатады. Яғни, басқа да тергеу әрекеттері сияқты тергеу экспериментінің де басты міндеті — іске қатысты қылмысты ашуға керекті деректер жинау. Дегенмен, деректерді ерекше, өзіне ғана тән тәсілдермен жинап, тексеретіндіктен тергеу экспериментінің өзіне тән міндеттері бар.

Тергеу эксперименті шешетін сұрақтарына орай үш түрге бөлінеді. Эксперименттің бірінші түрі - кейбір құбылыстың не әрекеттің айтылған, көрсетілген жағдайда болуы мүмкін бе, жоқ па, соны анықтау. Мысалы, белгілі бір затты, нәрсені айтылған жағдайда көрсетілген адам көтеріп кете ала ма немесе белгілі бір қашықтыққа көрсетілген уақытта барып жетуге бола ма, айтылған жұмысты ол адам өзі атқара ала ма, ол оның қолынан келе ме, қоймадағы тесіктен белгілі бір затты алып шығуға бола ма, жоқ па, міне осындай толып жатқан сұрақтар төңірегіндегі шындықты анықтау.

Тергеу экспериментінің екінші түрі — белгілі бір жағдайда (қашықтықта) болған оқиғаны, құбылысты көріп қабылдауға, сөзді, дыбысты естуге бола ма, соны анықтау.

Эксперименттің үшінші түрі — із қалдыру (сындыру, соғу, аралау, т.б.) сипатын, оның механизмін анықтау. Тергеу экспериментінің бұл түрі өзінің мән-мазмұны жағынан криминалистикалық сараптаманың кейбір түрлеріне жуықтайды. Алайда, із қалдыру сипатын анықтау үшін ғылыми саралаудың қажеті жоқ, экспериментті тергеушінің өзі жүзеге асырады.

Жекелеген тәжірибелерді жүргізуге, қажет болған жағдайларда, басқа адамдар да шақырылуы мүмкін. Оның санын, міндетін тәжірибенің мән-мазмұнына, түріне орай, тергеуші анықтайды. Егер мұндай адам тәжірибе жүзінде жәбірленушіні, айыпталушыны, куәлар алмастырған болса ол тиісінше алмас-тырылатын адамға барлық белгілерімен (бойымен, тұрпатымен, салмағымен, есту, көру қабілетімен, т.б.) міндетті түрде ұқсауы тиіс.

Тергеуші экспериментінің құрылымына орай оған дайындық екі кезеңде — эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейін және нақ эксперимент жүргізілетін жерде өткізіледі. Эксперимент жүргізілетін жерге барғанға дейінгі дайындық кезінде тәжірибенің мән-мазмұнын, оны өткізу тәртібін, жағдайдың өзгерісін анықтап алу керек. Яғни, бұл кезең — маман-дармен ақылдасу; кәсіпорынның жұмыс тәртібін, ішінара айт-қанда технологиялық тәртіпті реттейтін құжаттармен, арнаулы әдебиеттермен танысу; қатысушыларды іріктеу; тергеушінің назарын аударған жағдайға байланысты айыпталушыдан қай-тара жауап алу кезеңдері.

Тергеушінің эксперимент өткізетін жерге шықпай тұрып жүргізетін дайындық жұмыстарын үш топқа бөлуге болады: тәжірибе өткізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру; эксперимент өткізуге қатынасатын адамдарды анықтап, белгілеп алу; керекті құралдарды дайындау.

Тергеу эксперименті кезінде тәжірибе өткізілетін жерді бұрынғы қалпына келтіру. Эксперимент болып өткен белгілі бір оқиғаны, әрекетті қайта тудыру, сөйтіп, істі тексеру барысында ақиқатты анықтау мақсатын көздейді. Бұған мұқият дайындалу арқылы қол жеткізуге болады.

Эксперименттің түрі мен мақсатына сәйкес ұқсас жағдайлар ретінде - қылмыс жасалған кезге сәйкес келетіндей етіп мекен-жай, жылдың кезеңі мен тәуліктері, ауа райы; ұқсас заттарды - қылмыс жасалған кезде кодданылғандай материалдар, құрал-жабдықтар түсініледі. Жағдайды, оқиға болған жерді тұтастай немесе оның жекелеген элементтерін бұрынғы қалпына келтіру жолымен де ұқсастыруға болады. Тергеу эксперименті кезінде бұрынғы жағдайды қалпына келтіру дегеніміз тәжірибе жүргізілетін қайсыбір объектіні, оқиғаны немесе жағдайды бастапқы қалпына келтіріп қайта жасау. Мұндай жағдайда кейде өте күрделі реконструкциялық жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жүргізілетін дайындық жұмыстардың күрделілігі тергеу экспериментін өткізетін жердің қаншалықты өзгергендігіне және эксперимент үстінде шешілетін сұрақтардың ерекшелігіне байланысты.

«Тергеу эксперименті» түсінігін басқа тергеу әрекеттерінен айқынырақ бөліп қарастыру қажет. Кейбір тергеу әрекеттерінің ұқсастығына қатысты айтсақ, оларды жалпы таным әдістері біріктіреді. Тексеру маңызына қарай заттардың өзіндік қасиетін анықтайтын жекелеген тәжірибелік әрекеттермен байланысты болу мүмкін. Олар айтарлықтай бақылауды толықтырады және қылмысқа байланысты жекелеген көріністерді жаңғыртуға зерттелетін объектілерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Бірақ, тексеру оқиғаның болған жағдайларының материалдық сипатын жасанды жаңғыртумен байланысты емес. Егер зерттеліп отырған оқиғаның шарттары мен жағдайларын жасанды материалдық жаңғырту керек болса, тексеру кешенді сипатта болады және арнайы тергеу әрекеттерін, тергеу экспериментін өткізу қажеттілігі туындайды.

Бірақ, егер біз дәл баға алғымыз келсе, онда бұл факторларды жеткіліксіз түрде бағалауға немесе ұмытуға болмайды. Қайта жасаудың өзі қоршаған ортаға белсенді әсер етуімен шартты және шындықтың өзгеруімен сипатталады. Белгілі әрекеттердің тәсілдерінің процестердің және механизмдердің заңдылықтарға экспериментті түрде енуінің арқасында қылмысты жасауға итермелейтін немесе керісінше кедергі жасайтын жағдайлардың анықталуы мүмкін, бұл оларды болдырмаудың қажетті шараларын барынша табысты әзірлеуге мүмкіндік береді.

Тергеу экспериментінің түрлері не техникалық экспериментті қосудың қажетті жағы болып табылады.

Ол техникалық эксперименттің біртүрі бола алады. Техникалық құралдарға бірінші кезекте диагностикалық тұрғыдағы полиграф (вариограф)

сияқты техникалық құралдарды жатқызуға болады. Бұл мәселе көтерілген Н.И. Парутов полиграфты жедел ақпаратты алу мақсатын да пайдалануды ұсынды.

Полиграфқа балама болып компьютер жүйесі табылады, оның әрекет принципі көрнеудің талдауына негізделген. Компьютердің көмегімен әңгімелесушінің дауыстық сипаттамасын анықтауға болады. Бұл бағдарлама эмоциялық деңгейді (эмоциялық жағдай және эмоцияның тітіркену деңгейі) когнитивті деңгейді (айтылған ұсыныстармен келісу немесе келіспеу деңгейін анықтайтын дауыстық бақыланбайтын элементі) және физиологиялық деңгейді (адамның жалпы физикалық жағдайын көрсетеді) ғана зерттейді. Бұл жұмыс барысында тілдің дауыстық сегменттерін телефон арқылы радио бойынша жазуға жеке әңгіме барысында жинауға болады. Айғақты экспериментальды түрде тексеру қылмысты ашу жолымен жылдам жүргізуге мүмкіндік береді. Ал осы бағдарламаны пайдалану тактикасын өте мұқият түрде әзірлеу керек.

А.В. Дулов және П.Д. Нестеренко өз еңбектерінде тергеу эксперименттерінің түрлерін жетік дайындау әрбір белгіленген жағдайда үлгілеудің, пішіндеудің (макет) мүмкіндіктері мен маңызын айқын анықтауға жеткізуі керек. Авторлар психологиялық тактикалық және эмоционалдық эксперименттерді пайдалануды ұсынады.

Қорыта айтқанда, тергеу экспериментінің белгілі бір істі дәлелдеу үшін маңызы зор болып табылады. Тергеу экспериментін жасау болған оқиғаны қалпына келтіріп қана қоймай, тергеушіге сол қылмысты ашуға жол сілтейді. Тергеу экспериментін дұрыс және нақты қолдану болған қылмыстық істің тез ашылуына зор көмегін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Криминалистикадан оқу құралы.
2. <http://portal.vkgu.kz:1010/4511/4.dochttp://portal.vkgu.kz:1010/4511/4.doc> интернет сайты

СОДЕРЖАНИЕ

Абен Т.А. Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы.....	
Абузярова З. Софистика в современном мире.....	
Адамбеков А.А. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметінің негізгі бағыттары.....	
Айтжанов Ш.Қ. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері және олардың атқаратын қызметтері.....	
Акимова Н.М. Анықтау мен алдын-ала тергеу органдары жөнінде.....	
Алшымбаев А.М. Қазақстан Республикасының Прокуратурасы қылмыстан сақтандырушы құрылым.....	
Алыбаева А.М. Проблемы права на жизнь в законодательстве Республики Казахстан.....	
Амир А. Сот медицина сараптамасы және оның қылмысты ашу мен тергеудегі рөлі.....	
Асмаг С. Адвокат-қорғаушының қылмыстық іс-жүргізудегі маңызы.....	
Асубаева А.С. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының қызметкерлерін аттестациясын өткізудің тәртібі.....	
Ауельбеков Д. Проблемы прокурорского надзора за соблюдением законодательства о правах потребителей.....	
Ахметова А. Вопросы совершенствования организационно-правовых форм участия адвоката-защитника в уголовном процессе.....	
Ашимова А. Развитие риторики казахского народа.....	
Аязбаев А.Н. Сот төрелігіне қарсы қылмыстар.....	
Әбдіқожаева А., Базарлинова А. Адвокатураның мәртебесі.....	
Байбосынова А. Казахские бии средних веков.....	
Байдалина М. Фальшивомонетничество.....	
Бурдина К. Допрос как разновидность общения.....	
Ганиев А.А. Құқықтық реттеудің қағидалары.....	
Дәуқараев Ұ.Ұ. Мал ұрлығы.....	
Дәулетқалиева Н.М. Бұзу құралдарының іздерін зерттеудің мәселелері.....	
Ділімбетова Ұ.Б. Независимость адвокатов в адвокатской деятельности.....	
Джаугаштина А.К. Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған соттардың түсінігі және оны құру үрдісі.....	
Дүйсенқұл А.Ғ. Қазақстан Республикасының қылмыстан сақтандыру саясатының негізгі аспектілері.....	
Ем М. К вопросу о совершенствовании системы органов прокуратуры РК.....	
Жакипбекова М.О. Сот баллистикасы объектілерінің бірі – атыс қаруын зерттеудің ерекшеліктері.....	
Жаксыбеков Б.Б. Разграничение заведомо ложного сообщения об акте терроризма и хулиганства.....	
Жангабылова М.Г. Құқықтық тәрбие – қылмыстық саясаттағы рөлі.....	
Исаев К. Проблемы предупреждения насильственной преступности.....	

Исина М.Ж. Вымогательство среди несовершеннолетних, проблемы профилактики.....	
Канбатыров Е.С., Құсайын Ә.С. Проблемы предупреждения киберпреступности в Республике Казахстан.....	
Каримова М. Специфика судебной речи.....	
Карин А. Гуманизация в сфере уголовного законодательства.....	
Кемелхан Д. Беттестірудің құқықтық аспектілері және беттестіру әрекетін жүргізудің негізгі талаптары.....	
Қадырбаева Г., Нургазина Б. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің кейбір мәселелері.....	
Қапар Д. Кеңес дәуіріндегі адвокат-қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысу мәселелері.....	
Қуатбекқызы Г. Тергеу эксперименті дәлелдеу құралы ретінде.....	
Қырғызбаева А. Одорология: даму кезеңдері, әдістері, қылмысты ашудағы маңызы.....	
Мади Г. Криминалистическая теория планирования и организации расследования.....	
Макрушин А.О. Тактика обыска и личного обыска.....	
Макрушин А.О. Запрет на курение кальяна в общественных местах.....	
Малакшинов Э.В. Правовые, организационные и методические проблемы криминалистической техники.....	
Мухамедиев М.Н. Қылмыстық құқықтың қылмыстан сақтандыру рөлі.....	
Мырзакулова М.Б. Тергеу қарауын жүргізудің кейбір ерекшеліктері.....	
Нариманов Ә.М. Қазақстан Республикасында терроризммен күресудің шаралары.....	
Нургазина Б.Х. Криминалистикалық габитологияның қылмысты ашудағы рөлі.....	
Nurgaliyeva A. Memoir. Female crime and its prevention.....	
Нуржанова А.С. Протест прокурора как один из основных актов прокурорского реагирования.....	
Өрісбаева З.Т. Адвокаттың кәсіби әдебінің құқықтық негіздері.....	
Райымбергенова К.Т. Тергеу ситуацияларының құқықтық реттелуі.....	
Рахиева Ж.С. Қылмыстан сақтандыру саясатының субъектілері.....	
Рысқұл Н. Криминалистикалық фотография.....	
Сағынбаева Ә.Е. Әйелдер қылмысының жағдайы.....	
Саламатов Ш. Криминологияның өзге ғылымдармен байланысы және қылмыстылықтың алдын алудағы рөлі.....	
Салимов А.Б. Куәландырудың тактикалық және процессуалдық аспектілері.....	
Серікбаев А.М. Қор қордың зияндылығы.....	
Сулейменова А.С. Некоторые проблемы проведения осмотра места происшествия.....	
Тасбаев Ш. Сот сараптамасына қажетті материалдарды дайындау.....	

Темиржанова Г. Криминологическая характеристика организованной преступности.....	
Тәлей М.С. Беттестірудің тактика-процессуалдық аспектілері.....	
Темирова А.Е. Этика адвоката.....	
Төлмұратова А.Т. Лауазымды тұлғалардың жасайтын қылмыстары.....	
Ужахов А.А. Допрос как средство доказывания.....	
Федоренко Я. Проблемы предупреждения преступности учащихся общеобразовательных школ в Республике Казахстан.....	
Халан С. Халықаралық терроризмді жасағаны үшін жауапқа тарту және алдын алу бойынша мемлекеттердің ынтымақтастығы.....	
Хильман А.И. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі.....	
Шамбулов А. Жедел-ізвестіру қызметін прокурорлық қадағалаудың кейбір мәселелері.....	